

MAGNA CHARTA

Кіріспе

Төменде қол қойған еуропалық университеттерінің ректорлары араларындағы ежелден келе жатқан Болонья университетінің Тоғызжүзжылдық мерейтойына орай жиналып, халықтар мен мемлекеттердің бүгінгі күнде университеттің өзгеруге бейімді және халықаралық тұрғыда ашық қоғам аясында атқару рөлін жете түсіну тиістігіне кәміл сеніммен, келесіге сенушілік білдіреді:

1. Дүние жүзі үшінші мыңжылдық босағасын аттады. Бұл тұрғыдан алғанда мәдениеттілік, білім, зерттеу ордасы болып келетін университеттердің мәдени және ғылыми-техника дамуына деген адамзат болашағының тәуелділігі арта түсуде деп айтуға толық негіз бар.
2. Қоғамның мәдениеттік, әлеуметтік және экономикалық болашағы қазіргі кезде тәрбие ісіне тұрақты, арнаулы және айтарлықтай үлес қосып келеді. Университеттің жауапты міндеті болатын жас ұрпақ арасында білімін жеткізу, тарату – олардың бүгінгі күнде осы қоғамға бет бұру талабы екені рас.
3. Университеттер келер ұрпаққа тәрбие мен білім беруде қамтамасыз етуі тиіс. Бұл - қоршаған ортаның ұлы үйлесімділігін және де өмірдің өзіне деген құнтты көзқарас қалыптасуының бірден-бір алғышарты.

Осы себептерге сәйкес мен мемлекет және халық алдында бұдан былай әрі одан әрі университеттермен қызметінде басшылыққа алуға тиісті төмендегі негізгі қағидаларды жария етемін.

Негізгі Қағидалар

1. Университеттің іс-әрекеті әр алуан географиялық және тарихи жағдайларының нәтижесінде қалыптасқан сан түрлі құрылымды қоғам ішінде іске асырылуда. Сонымен қатар, ол мәдениетті сын көзімен ұғына отыра, зерттеу және оқыту жолымен таратуға бағытталған автономия институты болып танылады. Бұл тұрғыдан алғанда университет заман талаптарына сай өзінің зерттеу, оқытушылық ісінде саяси және экономикалық биліктен рухани, ғылыми тәуелсіздікте болуы қажет.
2. Қоғам сұранысы болып келетін эволюцияға, сонымен қатар ғылыми білім алдына қойылатын талаптарға сай, оқыту процессін қалыптастыру мақсатында университеттегі білім алу процессін зерттеу ісімен байланыстыра жүргізуді талап етеді.
3. Білім беру, зерттеу және оқыту еркіндігі - университет тіршілігінің түбегейлі принципі. Сондықтанда, бұл басым қағиданың жүзеге асырылуы, оның қатал сақталуы, яғни өкімет тарапынан, не университет аясынан міндетті түрде кепілдік табуы тиіс. Жаратпаушылықты қайтару жолында және де әрдайым тұрақты қатынасқа ашық болып тұра, университет - білім беру тәсілқойлық және зерттеу мен ізденіс арқылы білімді тереңдету әдістерін меңгерген оқытушы, осы білімнің байытылуына құқылы, ынталы және қабілетті студенттің ең қалаулы кездесу орыны болып келеді.
4. Университет еуропалық гуманизм дәстүрлерінің сақталуын қамқорлыққа алып қана қоймай, әрдайым универсалды білімге ұмтылуда. Қызмет мақсатын жүзеге асыру

жолында ол саяси және географиялық шекарадан асады, өзара таным процесі мен әр алуан мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің қажеттілігінде берік пікірде.

Жүзеге Асыру Жолдары

Бұл мақсаттардың жоғарыда келтірілген қағидалар тұрғысынан жүзеге асуының бірден-бір кепілі – заманға сай нәтижелі тәсілдердің қолданылуы:

1. Зерттеу және білім беру саласының еркіндігіне бет алу жолында барша университет қоғамдастығының мүшелері керекті құралдарымен қамтамасыз етілу қажет.
2. Профессорлық-оқытушылар құрамын іріктеп алу, олардың мәртебесін анықтау іс-әрекеттері білім алу мен зерттеу процесстерінің өзара тұтастық принципі негізінде жүргізілуі тиіс.
3. Студенттердің еркіндігін қорғайтын, олардың білім алу мен мәдениеттік мақсаттарына қол жеткізуіне және жағдай жасалуына әр университетке кепілдік беру міндеттері жүктеледі.
4. Университеттер, әсіресе еуропалық, өзара құжаттама мен ақпарат алмасуын және де бірлескен ғылыми жобалардың көбеюін тұрақты білім прогрессінің қозғаушы күші деп қарастырады.

Бұл мақсатта олар бастапқы кезеңде қалыптасқандай әрбір оқытушы мен студенттің ұтқырлығына жағдай жасауда. Стипендия беру және ұлттық дипломдарға деген сыйластық көзқарастарға негізделген мәртебе, атақ пен емтихан маңызы бірдейлік мәселе жөнінде іске асырылатын жалпы саясат, олардың бүгінгі күндегі іс-міндетінің атқарылуына кепілдік беретін бас құрал деген көзқараста.

Әрбір мемлекет пен мүдделі ұлттан тыс ұйымдардың барша университет автономия ерігін бірауызды білдіретін Хартияның ережелеріне сүйеуін арттыруында үлкен мән бар. Университет тарапынан өкілетті, яғни төменде қол қойған ректорларға осы мақсаттың іске асуына мүмкіндігінше жағдай жасауына толық жауапкершілік жүктеледі.

Болонья, 18 қыркүйек 1988 ж.